

Ақтөбе облысы Төтенше жағдайлар департаментінің 2018-2020 жылдарға бюджеттік өтініміне түсіндірме жазба

Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігінің Төтенше жағдайлар комитетінің Ақтөбе облысы Төтенше жағдайлар департаменті (бұдан әрі – Департамент) азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған, ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады.

Департаменттің іс қимылының мақсаты азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, жұмыс істеуін әрі қарай дамыту болып табылады.

Департаменттің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер тізімі:

ҚР ІІМ ТЖК Ақтөбе облысының ТЖД «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - ӨСЖАҚЖК);

ҚР ІІМ ТЖК Ақтөбе облысының ТЖД «Жедел құтқару жасағы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - ЖҚЖ) .

Департаменттің өз алдына теңгерімі бар, **республикалық және жергілікті бюджеттен** қазынашылық органдарында шоттары бар. Департамент бойынша штат құрылымы және санының лимиті **124 қызметкер, оның ішінде: 1 азаматтық қызметкер, 9 әскери қызметкер, 15 мемлекеттік әкімшілік қызметкер, 99 азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері, ӨСЖАҚЖК бойынша 763 қызметкер, оның ішінде 728 азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері, 35 азаматтық қызметкер, ЖҚЖ 71 қызметкер азаматтық қызметкерлерден тұрады**, аппаратты қаржыландыру (еңбекақы төлеу, коммуналдық төлем жүргізу, іссапар шығындары, білім жетілдіру және т.б.) республикалық бюджет есебінен жүргізіледі.

2018-2020 жылдарға Департамент бойынша шығындардың жалпы көлемі 433 290 000 теңгені, соның ішінде 2018 жылға 144 430 000 теңгені құрайды. Атап айтқанда Департамент және бағынысты ҚР ІІМ ТЖК Ақтөбе облысының ТЖД «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі», ҚР ІІМ ТЖК Ақтөбе облысының ТЖД «Жедел құтқару жасағы» мемлекеттік мекемелері үшін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару органдары арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 13 маусымдағы № 102-V Заңына, «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуіріндегі ҚР Заңына, «Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің аумақтық бөлімшелеріне және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелеріне жәрдем көрсетуі үшін материалдық-техникалық жарактандыру, ғимараттар мен құрылыстарды салу, реконструкциялау және жөндеу тізбесін бекіту туралы» ҚР ІІМ 2015 жылғы 27 маусымдағы № 567 бұйрықтарына сәйкес **«Аумақтық органдар мен бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығындары» 002,**

«Облыстық деңгейдегі азаматтық қорғаныс іс-шаралары» 003 және «Облыстық деңгейдегі төтенше жағдайлардың алдын алу және жою» 004 бағдарламалары бойынша шығыстар қарастырылған.

«Аумақтық органдардың және құрылымдық мемлекеттік мекемелердің күрделі шығындары» 002 бағдарламасы бойынша барлығы 137 299 000, соның ішінде 413 ерекшелігі бойынша «Негізгі құралдарға жататын тауарларды сатып алу» автотехникаларды сатып алуға 26 638 200 теңге қарастырылған, атап айтқанда:

ҚР ПМ ТЖК Ақтөбе облысының ТЖД «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі», қызмет теңгерімінде 101 бірлік техника (жалпы қажеттіліктің 24,2 %-ын құрайды) бар, оның ішінде: 50 негізгі бірлік (жалпы қажеттіліктің 34,5%-ын құрайды), 13 арнайы бірлік (жалпы қажеттіліктің 23,2%-ын құрайды), 38 қосалқы бірлік (жалпы қажеттіліктің 17,5%-ын құрайды), өрт сөндіру бөлімдерін қажеттілік ережесіне сай толықтай жасақтауға мүмкіншілік жоқ.

Төтенше жағдайларды және өртті жоюда гарнизонның жауынгерлік дайындығын қамтамасыз ету үшін 2018-2020 жылдарға автокөлік паркін жаңарту қажеттілігі туындайды. Жыл сайын биік ғимараттар мен құрылыстардың салынуы, сондай-ақ өрт санының көбеюі өрт сөндіруді ұйымдастыруда объективті проблемаларды тудырады, өрт кезінде және басқа да төтенше жағдайлар кезінде келтірілген зиянды азайтату үшін Қызмет автопаркін жаңа жетілдірілген автомобильдермен кеңейту қажеттілігі туындайды.

-ВАЗ-21214-187 жедел-қызметтік автокөлігі жедел барлау жүргізу, басшылық құрамын ТЖ орнына жеткізу, қосымша күштер мен құралдарды, сонымен қатар бөлімшелердің жауынгерлік дайындықтарын тексеруге арналған – 1 бірлік сомасы **3 238 200 теңге;**

Жыл сайын қыс мезгілінде аудандық, облыстық және республикалық маңызы бар жолдарда қар басып қалудан көптеген адамдар зардап шегеді. Жергілікті атқарушы органдарда жоғары өтімді техниканың көп болмауына байланысты ауыр сырқатталған адамдарға уақытылы медициналық көмек көрсетілмейді, жолда қалып қойған адамдарды құтқаруға және эвакуациялауға және трассадағы қалып қойған жүк көліктерінің жүргізушілеріне азық-түлікті жеткізуге уақытылы үлгермейді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде **23 400 000 теңгеге 1 данада** өтімділігі жоғары «Трэкол» вездеход-болотоход автокөлігі қажет. Аталған техника тасқын кезінде үлкен сұранысқа ие (гидротехникалық құрылғыларды тексеру, алыс қашықтықтағы тұрғындарды эвакуациялау, алыс қашықтықта тұратын ауыр сырқатталғандарды тасымалдау).

«Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүққамал құралдарын сатып алу» 414 ерекшелігі бойынша 110 660 829 теңге.

Бүгінгі күні аталмыш бірегей техниканың қосалқы бөлшектерін табу мүмкін емес. Арнайы бөлшектер бірінен соң бірі істен шыға береді. Қызмет

көрсететін компаниялар аппаратураны қайта қалпына келтіру мүмкін еместігі жөнінде қорытынды береді.

Қолданыстағы облыстық құлақтандыру кіші жүйесі өз міндетін орындауға қабілетсіз. Осыған байланысты Ақтөбе облысы Төтенше жағдайлар департаментінің аппаратурасы (П-160, Р-164 және 5ф88) негізінде қолданыстағы құлақтандыру жүйесін толығымен жаңғырту қажет. «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 7-тармағына сәйкес құлақтандыру жүйесін құру мен дамыту шараларын қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Осы Заңның 15-бабының 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес азаматтық қорғауды басқарудың аумақтық кіші жүйелерінің күштері мен құралдарын құру және оларды ұдайы әзірлікте ұстап тұру жергілікті атқарушы органның құзыретіне жатады.

Мемлекет басшысы Ақтөбе қаласындағы террористік актілердің нәтижелері бойынша Қауіпсіздік кеңесінің 2016 жылғы 10 маусымдағы отырысында «әрбір ірі қалада халықты жедел құлақтандыру жүйесін» енгізу міндетін қойған болатын.

Ақтөбе облысының әкімі Б.М. Сапарбаевтың Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша облыстық комиссия отырысында (2017 жылғы 19 қыркүйектегі №6 хаттаманың 3.1-тармағы) «Облыстың құлақтандыру жүйесін жаңғырту мақсатында қаражатты кезең-кезеңімен бөлу туралы мәселені шешу және облыстық мәслихат сессиясына ұсыныс енгізу» туралы тапсырма берді.

Ақтөбе облысына ұсынылған және жобаланған құлақтандыру жүйесі жұмысты сымды IP / Ethernet байланыс арналары мен DMR стандартты қорғалған радио арналары бойынша жүзеге асырады. Бұл «Қазақтелеком» АҚ-ның тікелей желісін жалдау және қызмет көрсету, құлақтандыру жүйелерін рұқсатсыз іске қосуды болдырмау сияқты проблемалардан (жыл сайын 30 млн. теңге бөлінеді) бюджетті үнемдеуге мүмкіндік береді.

Ұсынылатын жүйенің мүмкіндіктері:

- облыстық сирена-сөйлеу құрылғылары арқылы халықты құлақтандыру;
- тұрғын үй массивтерінің халқына IP / Ethernet байланыс арналары бойынша «Домофон» жүйесі арқылы әр пәтерді құлақтандыру;
- ірі өзендердің бірігетін жері мен су қоймаларындағы су деңгейін мониторингтеу. Бөгеттердің тұтастығы датчигі;

- химиялық-қауіпті объектілердің, өнеркәсіп аймақтары және темір жол тораптарының маңындағы қоршаған ортаның радиациялық-химиялық жай-күйін мониторингтеу;

- адамдар жаппай жиналатын объектілер мен барлық қауіпті өндірістік объектілердің жергілікті құлақтандыру жүйелерін ТЖД кезекшілік-диспетчерлік қызметіне біріктіру;

- сандық (кабельдік) телерадио арналарын ұстап қалу;

Құлақтандыру жүйелерін және теле-радиохабар тарату арналарын ұстап қалуды іске қосуға арналған ұқсас басқару пультін Мәртөк ауылындағы байланыс оқу пунктіне орнату ұсынылады.

Хабардар ету жүйесін жаңғыртудың I кезеңінің құны 437 929 395 теңгені құрайды, оған мыналар кіреді:

- 2 жабдықтар жиынтығы (*басқару пульті (негізгі, қосалқы), операторлардың үш жұмыс орны, хабардар ету жабдығы, SMS – таратулар, радиобайланысты ұйымдастыру үшін жабдықтар*);
- Радиобайланысты күшейту үшін 1 қайта тарату жиынтығы;
- Химиялық қауіпті объектілерді мониторингтеуге арналған датчиктер кешенінің 4 жиынтығы;
- Су деңгейін бақылауға арналған 6 датчиктер кешенінің жиынтығы;
- Домофондық жүйе байланыстыру блоктарының 10 жиынтығы;
- Тікелей, теле-радиохабар тарату және кабельді теледидар операторларын ұстауға арналған 1 кешен;
- Сирена-сөйлеу құрылғыларының 60 жиынтығы (*қала шекарасы одан әрі кеңейген кезде санын арттыру қажет болады*);

Біз 2018 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңде іске асыруды ұсынамыз.

2018 жыл – 110 660 829 теңге.

- Сирена-сөйлеу құрылғыларының 15 жиынтығы;
- Монтаждау және іске қосу-бастау жұмыстары бар радиобайланыстың 1 қайта тарату жиынтығы;

- Эфирлік және кабельдік теледидар мен FM радиосын ұстауға арналған 1 жабдық жиынтығы;

Осы қосалқы кезенді іске асыру мыналарды қамтамасыз етеді:

- Ақтөбе тұрғындарының 25% құлақтандыруды қамту. Сондай-ақ, оның жұмыс жағдайын бақылауды жүзеге асыру;
- Ақтөбе қаласындағы теледидарлық және радиохабар тарату арналарын 100% ұстап, аудио және бейнефильмдерді беру;

2019 жыл – 164 968 960 теңге.

- Сирена-сөйлеу құрылғыларының 20 жиынтығы;
- 2 жабдықтар жиынтығы (*басқару пульті (негізгі, қосалқы), Мәртөк ауылында байланыс оқу пункті операторларының екі жұмыс орны*);
- Су деңгейі датчиктерінің 6 жиынтығы;

осы қосалқы кезенді іске асыру мыналарды қамтамасыз етеді:

- Ақтөбе қаласы тұрғындарының 60% дейін құлақтандыруды қамту;
- Мәртөк ауылындағы байланыс оқу пунктіне қосалқы басқару пультін орнату;
- Гидротехникалық құрылыстар мен өзендердегі су деңгейінің жай-күйін бақылауды ұйымдастыру.

2020 жыл - 162 299 606 теңге.

- Сирена-сөйлеу құрылғыларының 25 жиынтығы;
- Домофондық жүйе байланыстыру блоктарының 10 жиынтығы;
- Химиялық қауіпті объектілердің мониторингі үшін датчиктер кешенінің 4 жиынтығы;

Осы қосалқы кезенді жүзеге асыру мыналарды қамтамасыз етеді:

- Ақтөбе қаласының 100% -ға жақын тұрғындарын құлақтандыруды қамту (сирена-сөйлеу және домофон қондырғылары арқылы, теле-радио арналарын ұстау);

- Қалада радиациялық және химиялық жағдайды бақылауды ұйымдастыру.

«Облыстық деңгейдегі азаматтық қорғаныс іс-шаралары» 003 бағдарламасы «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүкқамал құралдарын сатып алу» 414 ерекшелігі бойынша 2 983 000 теңге газқағарлар сатып алу үшін жоспарланған, аталған газқағарлар төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі шараларды өткізу кезеңінде Департаменттің жеке құрамының тыныс алу органдарын қорғауға арналған.

«Төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюға облыстық масштабта» 004 бағдарламасы «Басқада жұмыстар және қызметтер төлемі» 159 ерекшелігі бойынша 4 148 000 теңге жоспарланған, Ақтөбе қаласы көшелерінде орналасқан LED-экрандарда, кинотеатр кинозалдарында, радиостанцияларда алдын алу сипатындағы роликтерді жасауға және трансляциялауға және газет беттеріне мақалалар шығаруға.

Халықты іс-қимыл қағидаларына үйретуге келесілер жоспарлануда:

Кинотеатр кинозалдарында фильм алдында бейнероликтерді трансляциялауға – ай сайынғы орналастыру 50 000 теңге 11 айға = 550 000 теңге.

LED-экрандарда роликтерді трансляциялауға – айына 2 экранда = 96250,0 теңге 11 айға = 1 058 700 теңге.

Радиостанцияларда аудиороликтерді трансляциялауға – айына 312 рет шығады = 47 000 11 айға = 517 000 теңге.

Телеканалдарда бейнероликтерді трансляциялауға – айына 152 рет шығады = айына 58 127,20 11 айға = 639 400 теңге.

Газет беттерінде мақалалар шығаруға – айына 52 990 теңге 11 айға **582 900 теңге.**

Төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында баннерлерді жасау үшін 800 000 теңге жоспарланған.

ҚОСЫМША ҚАЖЕТТІЛІКТЕР БОЙЫНША:

ҚР ІІМ ТЖК Ақтөбе облысының ТЖД «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі»,

413 ерекшелігі бойынша «Негізгі құралдарға қатысты тауарларды сатып алу»

«Кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін жарақтандыру және кинологиялық қызметтерді қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы» Қазақстан республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №259 бұйрығына сәйкес барлығы 418 бірлік техника бар, оның ішінде: негізгі автокөлік 145 бірлік, 56 арнайы және 217 қосалқы бірлік.

Негізгі және қосалқы автокөлік құралдарын мына жылдарға сатып алуды қамтамасыз ету қажет:

2018 жылға – 1 065 411 000 теңге;

2019 жылға – 887 869 000 теңге;

2020 жылға – 867 946 600 теңге.

Негізгі автокөлік.:

АШ-5 Өрт автошанағы өрт болған және төтенше жағдай орын алған жерге жеке құрам қызметкерлерін, өрт-техника қару-жарақтарын және мөлшері 5000 литрге дейінгі өрт сөндіру заттарын жеткізу үшін қызмет етеді.

Қалыптасқан нормаға сәйкес 16 бірлік техника болуы керек, теңгерімде 7 бірлік тұр. 2018-2020 жылдарға 9 бірлік техника сатып алу жоспарлануда. Бір жылға үш бірліктің құны 39 425 000 теңгені құрайды, ал жалпы сомасы 354 825 000 теңге.

АШ-8 Өрт автошанағы өрт болған және төтенше жағдай орын алған жерге жеке құрам қызметкерлерін, өрт-техника қару-жарақтарын және мөлшері 8000 литрге дейінгі өрт сөндіру заттарын жеткізу үшін қызмет етеді.

Қалыптасқан нормаға сәйкес 36 бірлік техника болуы керек, теңгерімде 8 бірлік тұр. 2018-2020 жылдарға құны 44 380 000 теңге тұратын, жалпы сомасы 1 242 640 000 теңге болатын 28 бірлік техника сатып алу жоспарлануда. 2018 жылға – 9 бірлік, 2019 жылға – 9 бірлік, 2020 жылға – 10 бірлік.

Жедел әрекет ету автомобилі (бұдан әрі – АБР) жауынгерлік жедел іс-қимылдарын орындау орнына апаттық-құтқару, өрт-техника және басқа да қару-жарақтарды жеткізуге, сондай-ақ өрттерді оқшаулауға және зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуге арналған.

Қажеттілік нормасына сай 19 бірлік техника болуы керек, бірақ аталған техника гарнизонда жоқ. 2018-2020 жылдарға 19 бірлік: 2018 жылға – 6 бірлік, 2019 жылға – 6 бірлік, 2020 жылға – 7 бірлік техника сатып алу жоспарлануда. Құны 23 500 000 теңге тұрады, әрқайсысының жылдық жалпы сомасы 446 500 000 теңгені құрайды.

Қосалқы автокөлік:

Самосвалдар мен фронтальды жүктиегіштер төтенше жағдайларды жоюды қамтамасыз етуге – құлаған, опырылған ықтимал үйінділерден тазалау, қысқы және су тасқыны кезеңдерінде инертті материалдарды жеткізуге арналған.

Қажет нормаға сай 4 самосвал және 2 фронтальды жүктиегіш болуы керек, бірақ қазіргі уақытта аталған техника Қызмет бөлімшелерінің теңгерімінде жоқ. Әрқайсысының құны 19 600 000 теңге, жалпы сомасы 78 400 000 теңге тұратын 2018 жылға – 1 бірлік, 2019 жылға – 1 бірлік және 2020 жылға – 2 бірлік, барлығы 4 бірлік самосвал және 2018-2019 жылдарға біреуінің құны 28 620 000 теңге, жалпы сомасы 57 240 000 теңге тұратын 2 бірлік фронтальды жүктиегіш сатып алу жоспарлануда.

Жол талғамайтын қар кешкіш (Трэкол) техникасы жедел дер кезінде жауап беру, қызметкерлерді жеткізу, көктемгі су тасқыны кезінде және қыста

қар құрсауында жолсыз қалғандарды, зардап шеккендерді эвакуациялауды ұйымдастыруда жеке құрамды дер кезінде жеткізуге, жедел авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған.

Нормаға сәйкес 19 бірлік болуы керек, оны 2-еуі теңгерімде тұруы керек. 2018-2020 жылдарға құны 27 478 800 теңге, жалпы сомасы 467 139 600 теңге тұратын 17 бірлік (2018 жылға – 5 бірлік, 2019 жылға – 5 бірлік және 2020 жылға – 7 бірлік) сатып алу жоспарлануда.

Автокран төтенше жағдайларда конструкцияларды аршуға арналған.

Нормаға сәйкес 3 автокран болуы керек, аталған техника гарнизонда жоқ. 2018 жылға құны 28 650 000 теңге, жалпы сомасы 85 950 000 теңге тұратын 3 бірлік автокран сатып алу жоспарлануда.

УАЗ 23632-352 жедел жеңіл автокөлігі жедел барлау жүргізуге, төтенше жағдай орнына басшы құрамын және қосымша күштер мен құралдарды жеткізуге, сондай-ақ бөлімшелердің жауынгерлік дайындығын тексеруге арналған.

Нормаға сәйкес 32 жедел жеңіл автокөлігі болуы керек, теңгерімде бары 14 бірлік. 2018 – 2020 жылдарға құны 7 260 000 теңге жалпы сомасы 130 680 000 теңге тұратын 18 бірлік (әр жылға 6 бірлік техникадан) техника сатып алу жоспарлануда.

Автожылуқұйғыш төтенше жағдайларды жоюда, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуде және облыс пен республика аумағында ірі өрттердің жолын кесу кезінде ашық түсті мұнай өнімдерінің барлық түрлерін тасымалдауға, қысқа мерзімге сақтауға арналған.

Нормаға сәйкес 4 бірлік қарастырылған, аталған техника гарнизонда жоқ. 2018 жылға құны 22 898 000 теңге, жалпы сомасы 91 592 000 теңге тұратын 4 бірлік техника сатып алу жоспарлануда.

"Машиналар, жабдықтар, құрал-саймандар, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандарын сатып алу" 414 ерекшелігі бойынша қаржы көлемі:

2018 жылға – 117 259 000 теңге;

2019 жылға – 4 650 000 теңге;

2020 жылға – 4 650 000 теңге

Атап айтқанда:

RosenbauerFox Sport III мотопомпасының 3 жинағының жалпы сомасы 25 200 000 теңге, әрқайсысының құны 8 500 000 теңгені құрайды.

Бекітілген 2017-2020 жылдарға арналған перспективалық даму жоспарына сәйкес 2018 жылы Ақтөбе облысында өрт-құтқару спортынан ерлер мен әйелдер арасында республикалық чемпионат өткізу жоспарланған. Жарыстың «жауынгерлік қанат жаю» тапсырмасын орындау үшін 3 бірлік **RosenbauerFox III Sport H&V Limited Edition мотопомпа** сатып алу жоспарланған (2 жолға арналған 2 мотопомпа және артық қор үшін 1 мотопомпа). Жарыс аяқталғаннан кейін мотопомпалар өртпен тиімді күресу

үшін (өрт сөндіру кезінде өрт сөндіру жабдықтарын тасымалдауды қамтамасыз етуге, үлкен учаскелер мен алаңдардағы өртті биіктіктен сөндіруге арналған) қалалық өрт сөндіру бөлімдеріне берілетін болады. **Дизельді**

мотопомпалар саны 40 дана (2018 жылға – 20 дана, 2019 жылға –10 дана, 2020 жылға – 10 дана). Құны 232 500 теңге, жалпы сомасы 9 300 000 теңгені құрайды.

Мотопомпалар өрт орнына су көздерінен суды беру үшін қызмет етеді. Жоғары қысымды су таратқыш мотопомпалар орман, далалық өрттерін сөндіру кезінде және резервуарларды сумен толтыру үшін, сондай-ақ жертөле, құдықтар, шахталар, қазаншұңқырлардағы су тасқыны зардаптарын жою үшін қолданылады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 259 " «Кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін жарақтау және кинологиялық қызметтерді қамтамасыз ету» нормаларын бекіту туралы бұйрығының № 2.1.1 нормаларына сай «Негізгі, арнайы және қосымша мақсаттағы көлік құралдарымен ірі өрттерді сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу қызметі мамандандырылған өрт бөлімдері (жасақтары) жабдықтау» гарнизон Қызметіне 88 жылжымалы және 39 тіркемелі мотопомпа тиісті. Теңгерімде бары 23 ауыспалы мотопомпа, тіркемелі мотопомпа жоқ, қосымша 65 ауыспалы және 39 тіркемелі мотопомпалар қажет.

Оқу-жаттығу мұнарасының саны 5 дана. Бағасы 16 522 000 теңге, жалпы сомасы 82 610 000 теңге тұрады.

Оқу-жаттығу мұнарасы өрт сөндіру бөлімдерінің қызметкерлерімен өрт қауіпсіздігі бойынша оқу-жаттығу сабақтарын өткізуге, адамдарды көп қабаттардан эвакуациялауда және құтқару кезінде қызметкерлердің кәсіби біліктілігін пысықтауға, техникалық дайындықты, өрт сөндіру және басқа да төтенше жағдайлар кезінде зардаптарды жойып, тапсырмаларды сәтті орындау үшін, сондай-ақ түрлі жарыстарды өткізуде қолданылады.

Дербес компьютерлердің жиынтығының саны 13 станция, құны 346 100 теңгені, жалпы сомасы 4 499 000 теңгені құрайды.

2016 жылғы 1 ақпаннан бастап Ақтөбе облысының гарнизоны «Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі - «СДТБТ») веб-платформасында жұмыс істейді. Бүгінгі таңда КУИ СДТБ веб-платформасында орталық серверге кірудің нашарлауы себебінен бағдарлама ұзақ уақыт бойы жауап бермейді, бұл деректерді уақтылы енгізуге мүмкіндік бермейді, сондықтан қызметкерлер дереу тіркелу ережелерін бұзады. Қарымды компьютерлердің болмауы КУИ СДТБ тіркеу ережелерін бұзу қаупін күрт арттырады.

Сотқа дейінгі алдын ала тергеу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтарды және оны жасаған тұлғаларды бірыңғай тіркеу жұмысын, сондай-ақ Қызмет бөлімшелеріне ЕСЭДО жүйесін орнатуды және бағдарламаның үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз етуге 13 компьютер сатып алу қажет.

«Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды күрделі жөндеу» 421 ерекшелігі бойынша Ақтөбе облысының ТЖД «ӨС және АҚЖҚ» ММ балансындағы ғимараттар мен құрылыстарды тиісінше ұстау мақсатында 4 ғимаратқа техникалық қорытындының сараптамасы алынды. 4 ғимаратқа жобалық-сметалық құжаттар жасақтау үшін **10 374 400 теңге** көлемінде қаржы керек, атап айтқанда:

1. Байғанин ауданы, Қарауылкелді бекеті, Құрылысшылар көшесі 16 мекенжайында орналасқан №8 ӨСБ ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстарына: 2 078 100 теңге, сараптама құны – 426 000 теңге, барлығы 2 504 100 теңге;
2. Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Ғ.Жұбанова көшесі 2 мекенжайында орналасқан №16 ӨСБ ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстарына: 2 395 100 теңге, сараптама құны – 467 000 теңге, барлығы 2 862 100 теңге;
3. Ырғыз ауданы, Ырғыз селосы, Қарабаев көшесі 3 мекенжайында орналасқан №9 ӨСБ ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстарына: 2 078 100 теңге, сараптама құны – 426 000 теңге, барлығы 2 504 100 теңге;
4. Әйтекеби ауданы, Ырғыз селосы, Алтынсарин көшесі 29 мекенжайында орналасқан №7 ӨСБ ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстарына: 2 078 100 теңге, сараптама құны – 426 000 теңге, барлығы 2 504 100 теңге.

«Жаңа нысандардың құрылысы және қолданыстағы нысандарды қайта құру» 431 ерекшелігі бойынша Мұғалжар ауданының Ембі қаласында (жобаның жалпы құны 553 161 900 теңге) және Қобда ауданының Қобда селосында (жобаның жалпы құны 548 567 900 теңге) 4 автокөлікке арналған Өрт сөндіру кешенінің 2 құрылысын салу үшін әрқайсысына 5 000 000 теңгеден бөлінді. Құрылыстарды аяқтау үшін қосымша 548 161 900 теңге және 543 567 900 теңгеден тиісінше қажет.

Сондай-ақ Ақтөбе қаласы, «Нұр-Ақтөбе» мөлтек ауданында 4 автокөлікке арналған Өрт сөндіру кешенінің құрылысын салу үшін типтік жобасын жерге байланыстыру жұмыстары аяқталып, қазіргі уақытта мемлекеттік сараптамадан өтуде. Алдын ала есеп бойынша құрылыстың құны 685 503 232 теңгені құрайды.

ҚР ІІМ ТЖК Ақтөбе облысы ТЖД Жедел-күтқару жасағы (Ақтөбе қаласы)

«Үй жайлар, ғимараттар мен құрылыстарды беру қондырғыларын сатып алу» 412 ерекшелігі бойынша Ақтөбе қаласы, Елек

өзеніндегі Тұрғындар қалашығы жағажайы ауданына сомасы **30 000 000 теңгені** құрайтын модульдік каркастық типтегі көлемі 12x12 құрастырмалы – жиналмалы бір қабатты ғимаратын сатып алу.

Қала сыртындағы Елек өзенінің ұзындығы 20 км асады. Елек өзенінің орташа ені 1200 метр. Өзеннің орташа тереңдігі 4 – 6 метр, үлкен тереңдігі 18 метр. Қазіргі уақытта Елек өзенінде азаматтарды құтқару және қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жалпы саны 12 сүңгуір – құтқарушы қызметкері бар №1 құтқару станциясы жүзеге асырады. Аталған құтқару станциясы жалпы көлемі 0,6414 га жер телімінде орналасқан. Тозығы жеткен, пешпен жылытылатын ескі ағаш вагонда құтқарушылардың тәуліктік кезекшілік атқаруы кезінде қажетті жағдайлар жасалмаған.

Бір қабатты құрастырмалы – жиналмалы модульді көлемі 12x12 каркастық типтегі ғимарат бағасы қымбат еместігімен, жылылығымен және пайдалануға ыңғайлылығымен негізделеді. Бір қабатты құрастырмалы – жиналмалы модульді көлемі 12x12 каркастық типтегі ғимаратын сатып алу Жедел – құтқару жасағының 12 қызметкерінің еңбек жағдайларын және қорғауды жетілдіреді.

«Негізгі құралдарға жататын тауарларды сатып алу» 413 ерекшелігі сомасы **13 770 000 теңгені** құрайтын ауа кеңістігінде қозғалатын кемесі (*катер на воздушной подушке*) – бұл суда және құрлықта жеңіл қозғалауға ыңғайлы транспорттық құрал және кішігірім ағаш-тас кедергілеріне де іркілмейді. Транспорттың жұмсақ қоршауы мұз жабындысымен де еркін қозғалуға мүмкіндік береді. Ауа кеңістігінде қозғалатын кемесі жылдың кез келген маусымында іздестіру – құтқару операцияларын жүргізуге және судағы төтенше жағдайларды жою бойынша эвакуациялау жұмыстарын жүргізуге ыңғайлы транспорттық құрал болып табылады. Аталған ауа кеңістігінде қозғалатын кемесінің қайықтармен және өзге де жүзу құралдарымен салыстырғанда көптеген артықшылықтары бар.

«Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды күрделі жөндеу» 421 ерекшелігі бойынша құтқарушы – сүңгуірлерге арналған сомасы **11 400 000 теңгені** құрайтын жүзу бассейні құрылысының жобалық – сметалық құжаттарын әзірлеу. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғау туралы» №188-V Заңының 12 бабы, 1 тармағының 40 тармақшасына сәйкес жасақталған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы №235 бұйрығымен бекітілген авариялық – құтқару қызметтерінің және құралымдарының құтқарушыларын даярлау бойынша бағдарламалары негізінде жүзу бассейні құрылысының жобалық – сметалық құжаттарын әзірлеу қажет.

Авариялық – құтқару қызметтерін және құралымдарының құтқарушыларын даярлау бойынша бағдарламасының мақсаты авариялық – құтқару қызметтерінің және құралымдарының білікті құтқарушыларын даярлау табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою, сонымен қатар қауіпті өндірістік объектілердегі орын алатын аварияларды жою

тәсілін қамтамасыз етеді. Сүңгуір – құтқарушылардың кәсіби шеберлігін және шынығу деңгейлерін және кәсіби дайындықтарын тұрақты арттыру үшін жүзу бассейнінің құрылысы қажет.

Жыл сайын облыстың су қоймаларында балалар жүзу білмегендіктен және суда өзін – өзі ұстаудың ережесін білмегендіктен қайғылы жағдайларға ұшырайды.

Оқу орындарында балалар арасында алдын алу жұмыстары жүргізіледі, алайда бассейнің жоқтығынан Жасақ мамандарының балаларға жүзуді үйретуге мүмкіндіктері болмайды.

К. Нокин даңғылы бойындағы Елек өзенінің жағасында 2015 жылы пайдалануға берілген Орталық судан - құтқару станциясының аумағында жүзу бассейнін орналастыруға арналған жер телімі бар.

«Жаңа нысандардың құрылысы және қолданыстағы нысандарды қайта құру» 431 ерекшелігі бойынша Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласындағы сомасы **304 733 000 мың** теңгені құрайтын №3 2-дәрежелі судан - құтқару станциясының құрылысы.

ҚР 2016-2020 жылдарға арналған әлеуметтік – экономикалық дамудың болжамдық - стратегиялық бағдарламалық құжатына сәйкес, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы, Ақтөбе облысының аумағын дамыту бойынша 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасында Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласына №3 2 – дәрежелі судан – құтқару станциясының құрылысы қажет.

Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы әкімінің 2014 жылғы 04 мамырдағы №91 шешімімен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті Ақтөбе облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Жедел – құтқару жасағы (Ақтөбе қаласы)» ММ арналып көлемі 1 га жер телімі бөлінген.

Қазіргі уақытта құрылыстың жобалық – сметалық құжаттары әзірленген және 2016 жылғы 14 желтоқсанда бекітілген жұмыс жобасы бойынша №FE-0118/16 қорытындысы бар. «Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласындағы №3 2 - дәрежелі Судан – құтқару станциясының құрылысы» жұмыс жобасының қорытындысы Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік нормативтерінің талаптарына сәйкес келеді және белгіленген тәртіппен техникалық – экономикалық көрсеткіштерге сәйкес бекітуге ұсынылады. Қабылданған жобалық шешім 7.2 тармақ бойынша енгізілген өзгерістерімен қоса ҚР СН 1.02-03-2011 «Жасақтау тәртібі, келісу, бекіту және құрылыс үшін жобалық құжат құрамы» санитарлық, экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша, сонымен қатар объектінің сенімді қызмет етуін қамтамасыз ететін мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес келеді.

Хромтау қаласындағы Судан – құтқару станциясының құрылысы Ор өзеніндегі, Абай су қоймасындағы және Хромтау қаласының сыртындағы көптеген терең сулы шахталардағы негізгі проблемалардың шешімі және

адамдардың қауіпсіздігін дер кезінде қамтамасыз ету үшін тиімді. Сонымен қатар Хромтау қаласындағы Судан - құтқару станциясының болуы жақын орналасқан Әйтеке би, Мұғалжар, Қарғалы және Ырғыз аудандарындағы орын алуы мүмкін төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге мүмкіндік туғызады.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Хромтау қаласындағы Судан – құтқару станциясының бюджеттік инвестициялық жобалық құрылысы адамдардың суда (мұзда) қаза болуын айтарлықтай азайтып және төтенше жағдайлардан дер кезінде құтқарылған азаматтардың санын көбейтуге зор мүмкіндік береді.

ММ бастығы

Б. Сыздықов

Бас бухгалтер

А. Әбдірахманова